



Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының  
Сот кабинеті | "Төрелік" АЖ

Судебный кабинет | ИС "Төрелік"  
Верховного Суда Республики Казахстан

Judicial office | IS "Torelik"  
of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan

Жіберілген күні (Дата отправки): 09.03.2022

Наименование области: город Нур-Султан

Наименование суда: Верховный Суд Республики  
Казахстан (Кассационная  
инстанция)

Отправитель: АБДРАХМАНОВА АСЕМГУЛ  
ГАБИТОВНА

## ПИСЬМО

Қазақстан Республикасы  
Жоғары сотының төрағасы  
Ж.Қ. Асановқа

Атырау облыстық сотының  
төрағасы  
Б.Т. Жумагуловқа

Атырау облысының кәмелетке  
толмағандардың істері жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
сотының төрағасы  
А.К. Ташеноваға

А.Ф. Абдрахмановадан

Мекен – жайы: Атырау қаласы

Құрметті Жақып Қажыманұлы!

Осы хатпен Атырау облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Ғ.Д. Отарұлына және оның хатшысы Н.Дюсенғалиеваға, Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы судьялары Г.Қ. Жүсіпбековаға,

Подписал(а) АБДРАХМАНОВА АСЕМГУЛ ГАБИТОВНА



Б.Ж. Тоқтароваға, А.К. Ескендиrowке, Т.А. Ибрашевқа алғысымды білдіремін.  
Атырау облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 24.02.2021 жылғы шешімімен А.Муканов қызымның әкесі танылып, табысының және өзге де кірісінің ¼ алимент өндірілген.  
А.Мұқанов аталған алимент сомасына келіспей, мөлшерін азайту туралы берген талап арызы 15.06.2021 жылғы Атырау облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының шешімімен қанағаттандырудан бас тартылды.  
Судья Ф.Отарұлы сотқа ұсынылған барлық дәлелдемелерді жан-жақты тексеріп, материалдық және процессуалдық құқық нормаларын дұрыс қолдануы арқылы А.Мұқановтың әрекеттеріне заңды құқықтық баға берген.

Судья Ф.Отарұлы және хатшысы Н.Дюсенғалиева екі жылға созылған даудың кезінде қызым Муканова Аминаға сот процестерінде туған әкесі А.Мукановтың тарапынан көрсетілген қысымшылық, кемсітуден қорғады.

Дегенмен А.Мұқанов бұл шешімге келіспей апелляциялық шағым берді.

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 09.09.2021 жылғы қаулысымен бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылды және алимент мөлшері 1/8 бөлігіне дейін азайтылды (судья М.Комиршинов, Е.Убигалиев, А.Мағзомова қызымның құқықтарын өрескел бұзды).

Кейін менің кассациялық өтінішхатымды Жоғары Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Г.К. Жүсіпбекова өндіріске қабылдады.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасы судьялары Б.Ж. Тоқтарова, А.К. Ескендиrow, Т.А. Ибрашев Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 09.09.2021 жылғы алимент мөлшерін азайту туралы қаулысын заңсыз деп танып, А.Мукановтың табысының және өзге де кірісінің ¼ мөлшерінде алимент өндіру туралы Атырау облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының шешімін күшінде қалдырды.

Баланың құқықтарын қорғап осындай әділ шешімнің қабылдануына табандылық танытқан күрделі, жауапкершілігі мол қызметтеріңізде сәттілік тілеймін.

Құрметпен

Абдрахманова Асемгүл Ғабитқызы

Подписал(а) АБДРАХМАНОВА АСЕМГУЛ ГАБИТОВНА



**Перечень прилагаемых документов:**

1. алғыс хат.docx
2. алғыс хат.docx



Подписал(а) АБДРАХМАНОВА АСЕМГУЛ ГАБИТОВНА